

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің "Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 9 ақпан N 215

"Қазақстан Республикасында травматизмнің алдын алу мен оны азайтудың 2000-2002 жылдарға арналған мақсатты кешенді бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 шілдедегі N 1020 P001020\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің "Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні:  
травматология және ортопедия бойынша мамандандырылған медициналық көмек көрсету;

травматология және ортопедия саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі;  
денсаулық сақтау жүйесінің медициналық кадрларын қайта даярлау болып белгіленсін.

3. Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысы бойынша мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асырушы орган болып Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі белгіленсін.

4. Астана қаласы әкімінің Астана қаласы Денсаулық сақтау басқармасының "N 2 қалалық аурухана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараттарын, құрылыстарын, медициналық жабдықтары мен жарақтарын (бұдан әрі - Мүлік) Астана қаласының коммуналдық меншігінен республикалық меншікке беру туралы ұсынысы қабылдансын.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Астана қаласының әкімімен келісім бойынша Мүлікті қабылдау-беру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

6. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар

енгізілсін :

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 1852 P991852\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 53, 527 - қ ұ ж а т ) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі:

"2. Мемлекеттік кәсіпорындар" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 67-ж о л м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"67. Травматология және ортопедия республикалық ғылыми-зерттеу институты".

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*